



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

2024 ж. 14 наурыз  
Павлодар қаласы

№ 1-03/114  
город Павлодар

### «Бүлдіршін» мектепке дейінгі балалар шығармашылығы қалалық фестиваль дайындау және өткізу туралы

Білім бөлімінің жұмыс жоспарын орындау және мектеп жасына дейінгі балаларды эстетикалық тәрбиелеу, жас таланттарды анықтау, мектепке дейінгі балалар ұйымдарында көркемөнерпаздар өнерін дамыту жөніндегі жұмысты жандандыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 20 наурыз бен 19 сәуір аралығында мектепке дейінгі балалар шығармашылығының "Бүлдіршін" қалалық фестиваль өткізілсін.

2. Фестиваль туралы ереже, ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасының құрамы бекітілсін (қосымша 1, 2, 3, 4).

3. Өткізу:

I іріктеу туры 2024 жылғы 10, 11, 12 сәуірде № 2, 23, 35, 96, 111, 126 балабақшалар базасында (2 қосымша);

II іріктеу туры - 2024 жылдың 17 сәуір Құрманғазы атындағы БММ базасында.

4. Құрманғазы БММ басшысы Бобровская О.Л. ұйымдастыру іс-шараларын өткізу, қалалық фестивальді өткізу шарттарын қамтамасыз етсін.

5. Фестиваль өткізу кезінде қатысушылардың келу барысында өмірі мен денсаулығын қорғау үшін жауапкершілік мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімі басшысының орынбасары Г.Т. Медиеваға жүктелсін.

Бөлім басшысы

К. Кыдралин

Таныстырылды:

000832



**«Бүлдіршін»  
мектепке дейінгі балалар шығармашылығының  
қалалық фестивалі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Аталған ереже мектепке дейінгі балалар шығармашылығының қалалық фестивалінің мақсаты, міндеттері, өткізу тәртібі мен шарттарын анықтайды.

2. Қалалық фестивальдің ұйымдастырушылары – «Павлодар қаласы білім беру бөлімі» ММ, Құрманғазы атындағы балалар музыкалық мектебі (Бобровская О.Л.), «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» КМҚК (Мухаметжанова А.Л.).

3. «Бүлдіршін» қалалық фестивалі мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық тәрбиесі жөніндегі жұмысты жеделдету, жас таланттарды анықтау, мектепке дейінгі балалар ұйымдарында өз күшімен ұйымдастырылған көркемөнерді дамыту мақсатында өткізіледі.

4. Фестивальдің негізгі міндеттері:

- қалалық мектепке дейінгі балалар шығармашылығын дамыту және дәріптеу;

- жас таланттарды, мектеп жасына дейінгі кәсіптік болашағы бар балаларды анықтау;

- мектеп жасына дейінгі балаларда музыкалық шығармашылыққа қызығушылығы мен сүйіспеншілігін қалыптастыру.

**II. Фестивальді ұйымдастыру мен өткізу тәртібі**

1. Мектепке дейінгі балалар шығармашылығының қалалық фестивалі 2 кезеңде өтеді, көп жанрлары бар:

- вокал (хор, жеке ән, халық және эстрадалық ән);

- хореография (халық және эстрадалық, спорттық билер);

- балалар оркестрі;

- көркемсөз (проза, поэзия, сахналық қойылымдар).

2. Фестивальге қатысу үшін алдын ала фестиваль іріктеуінен өткен Павлодар қаласының ең үздік мектепке дейінгі ұжымдары шақырылады.

3. Қатысушылардың жасы: 4 жастан 6 жасқа дейін.

4. Қалалық фестивальге дайындалу және өткізу мерзімі:

**I іріктеу кезеңі 2024 жылғы 10-12 сәуір аралығында № 2, 23, 35, 96, 111, 126 балабақша базасында (кесте телефонограммабойынша);**

**II іріктеу кезеңі, фестиваль қорытындысы - 2024 жылғы 17 сәуір Құрманғазы атындағы БММ (Павлодар қаласы Машхүр Жүсіп 33).**



5. Репертуар баланың жасына сәйкес келуі қажет: ересек жас - 4 жас, мектепке дейінгі жас - 5 жас.

6. Ұсынылған нөмірлерде мыналар ескеріледі:

а) вокалдық жанрда:

- қолайлы шығармашылық диапазон (вокал);
- ұзақ әуен, жиі-жиі қайталаулардың болмауы;
- орындау тазалығы мен мәнерлігі;
- екі тілдің қолданылуы;

б) хореографиялық жанрда:

- айқындылығы, хореографиялық композицияның образдылығы (бидің ұзақтығы: 0,5 минуттан 2,0 минутқа дейін);

- би қозғалыстарының күрделі еместігі, балалар жасына сәйкестігі;
- костюмдер мен атрибуттардың эстетикасы;

в) аспаптық жанрда (балалар оркестрі):

- түрлі аспаптарда әуеннің бірігуі әдістерін меңгеру;
- музыкалық шығарманың орындалу мәнерлігі;

г) «көркемсөз» жанрында:

- орындаушының жасына, мінезі мен мен темпераментіне сәйкестігі;

- тілінің анықтығы, мәнерлілігі, образдылығы және эмоционалдығы;

- пайдаланылған атрибуттардың, музыкалық сүйемелдеуі, костюмдердің мәтінге сәйкестігі;

- екі тілдің қолданылуы;

- ұзақтығы: 0,5 минуттан, **1** минутқа дейін);

7. Қалалық іріктеу турына мыналар жіберілмейді:

- 3 жыл өткен фестивальдерде көрсетілген көркемдік нөмірлер
- вокалистер «плюс» фонограмасымен **I іріктеу кезеңінде** өнер көрсетуі.
- барлық жанрда ересек адамдардың қатысуымен.

8. Техникалық талаптар:

- фонограммалар WAV немесе MP3 форматында жеке USB-флэш-дискіде атауы, Стикердегі № ДО (флэш-дискіде № ДО, жанр, нөмірдің атауы көрсетілуі тиіс) көрсетілген жоғары сапалы дыбыс болуы тиіс.

9. I іріктеу кезеңінен өткен қалалық фестиваль қатысушыларында II іріктеу кезеңіне оң 38 жылдамдықты сапалы фонограммалар болуы тиіс.

### III. Фестивальдің ұйымдастыру комитеті

1. Мектепке дейінгі балалар шығармашылығы қалалық фестивалінің ұйымдастыру комитеті білім беру бөлімінің бұйрығымен құрылады. Ұйымдастыру комитетінің құрамына Құрманғазы атындағы балалар музыкалық мектебі, «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» КМҚК басшылары кіреді (келісім бойынша) (қосымша 2).

2. Ұйымдастыру комитетінің функциясына:

- мектепке дейінгі балалар шығармашылығы қалалық фестивалі туралы Ережені әзірлеу;

- өтінімдер жинау, қатысушыларды тіркеу, оларды шақыру;

- фестивальдің барлық қатысушыларына бірдей шарттар қою; енгізілген.



#### IV. Фестивальдің қазылар алқасы

1. Мектепке дейінгі балалар шығармашылығы қалалық фестивалін өткізу және лауреаттарды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін қазылар алқасы (қосымша 3) құрылады.

2. Қазылар алқасының саны мен нақты құрамы білім беру бөлімінің бұйрығымен бекітіледі. Қазылар алқасы құрамына қосымша білім беру ұйымдарының мамандары, музыкалық, педагогикалық колледж оқытушылары енеді.

3. Іріктеу кезеңінің нәтижелері бойынша қазылар алқасы жеңімпаздардың фестиваль талаптарына сәйкестігі туралы хаттама жасап ұйымдастыру комитетіне жібереді.

#### V. Құжаттарды ұсыну тәртібі

1. Мектепке дейінгі балалар шығармашылығы қалалық фестиваліне қатысу үшін мектепке дейінгі ұйымдарынан ұйымдастыру комитетіне өтінімхат жіберіледі (қосымша 4) фестивалдің қалалық кезеңіне (бір жанрдан бір нөмір):

2. Қатысуға өтінімді [konkurs.dms@mail.ru](mailto:konkurs.dms@mail.ru) электрондық мекенжай Құрманғазы атындағы балалар музыкалық мектебі жауапты әдіскер Акимханова Алтынай Нурымжановна)

3. Қалалық ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну **2024 жылдың 20 наурызына дейін.**

#### VI. Фестиваль қатысушыларын марапаттау

Қалалық кезеңнің жеңімпаздары дипломдармен марапатталады және «Бүлдіршін» балалар шығармашылығы фестивалінің облыстық конкурсанттары болып табылады.



Павлодар қаласы білім беру бөлімі  
2024 жылғы «14» наурыз  
№103/117 бұйрығына  
2-қосымша

**Мектепке дейінгі балалар шығармашылығының  
қалалық «Бүлдіршін» фестивалінің  
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

1. Бобровская Ольга Леонидовна, Құрманғазы атындағы БММ басшысы.
2. Мухаметжанова Акмарал Люлятовна, «Павлодар Дарыны» БУҚБДДО басшысы
3. Нургалиева Нургуль Кайроллаевна, білім беру бөлімінің әдіскері.

**I іріктеу кезеңі :**

1. Жумашева Гаухар Сагындыковна - № 2 балабақшасының басшысы.
2. Нурпеисова Алия Серикбековна - № 23 балабақшасының басшысы.
3. Мукушева Раушангуль Наурызбаевна – № 35 балабақшасының басшы м.а.
4. Кожаметова Майра Темиртасовна - № 96 балабақшасының басшысы.
5. Крухмалёва Наталья Касымовна - № 111 балабақшасының басшысы.
6. Рысай Ольга Алексеевна - № 126 балабақшасының басшысы.

**II іріктеу кезеңі (Құрманғазы атындағы БММ):**

1. Лебедева Галина Степановна - № 3 балабақшасының басшысы.
2. Кожабаяева Лазат Мырзабаевна - № 6 балабақшасының басшысы.
3. Аленова Салтанат Егембаевна - № 11 балабақшасының басшысы.
4. Нурпеисова Алия Серикбековна - № 23 балабақшасының басшысы.
5. Юнаш Галина Анатольевна - № 40 балабақшасының басшысы.
6. Кожаметова Гульмира Жанатовна - № 42 балабақшасының басшысы.
7. Омарова Алтын Асхатовна - № 50 балабақшасының басшысы.
8. Шульга Татьяна Фёдоровна - № 82 балабақшасының басшысы (мед).
9. Куанбаева Евгения Кенжетаевна - № 85 балабақшасының басшысы.
10. Крухмалёва Наталья Касымовна - № 111 балабақшасының басшысы.



**Мектепке дейінгі балалар шығармашылығының  
қалалық «Бүлдіршін» фестивалінің  
қазылар алқасы**

1. Алтыбасарова Гульбаршин Калкамановна, «Павлодар қаласы білім беру бөлімі» ММ мектепке дейінгі білім беру секторының менгерушісі.
2. Кайшанов Нурлан Бакытович, Құрманғазы атындағы БММ басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, домбыра сыныбы бойынша педагог, казак халық аспаптар оркестрінің жетекшісі.
3. Кунанбаева Айгуль Тойгамбаевна, «Павлодар дарыны» БУҚБДДО басшысының орынбасары.
4. Сагитова Жуддыз Балгашевна, Құрманғазы атындағы БММ домбыра сыныбы бойынша педагог, "Шашу" этно - фольклорлық ансамблінің жетекшісі.
5. Савченко Галина Леонидовна, Құрманғазы атындағы БММ жеке ән айту сыныбы бойынша педагог, хор ұжымдарының жетекшісі.
6. Зиновьева Анна Игоревна, Құрманғазы атындағы БММ жеке ән айту сыныбы бойынша педагог.
7. Байжуманова Айман Аманжоловна, Құрманғазы атындағы БММ хореографы.
8. Гомзякова Надежда Ивановна, К. Даржуман атындағы ұлттық жаңғыру мектебінің хореография бойынша қосымша білім беру мұғалімі.
9. Муканова Алмагуль Карахановна, Павлодар қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің кітапханашысы.



**Мектепке дейінгі балалар шығармашылығының  
 қалалық «Бүлдіршін» фестиваліне қатысуға өтінім**

№ МД немесе мектеп (МДО) (толық атауы)	Жанр	Номер атауы	Оның қысқаша мазмұны	Номердің минут ұзақтығы	Номерді сүйемелдейтін атрибуттика	Орындау тілі	Орындау саны	Баланың тегі, аты (балалар) толық	Туған жылы	Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты, қызметі, осы немермен жұмыс істейтін (қуәлік бойынша)
«Сәбилер бақшасы № 1» КМҚК		«Көркем сөз» шығарма атауын, авторды көрсету								

мектепке дейінгі мекеме басшысының мөрі мен қолы

1. "Көркем сөз" жанрындағы қатысушылар ұйымдастыру комитетіне атауы мен авторы көрсетілген баспа мәтіндерін жібереді.
2. Басшының қолы мен мөрі астындағы өтінімнің сканерленген нұсқасы. Электрондық өтінімді Excel 10-да қаріп, бағандар, жолдар біріктірілмейді.
3. Құжаттарды Ережеде көрсетілген поштаға МДҰ нөмірімен бір папкаға жіберу (№1 «Солнышко» МДО, № 40 ЖОМ және т. б.)